

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП / ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Қайталау. Сан есім

ЖАРИЯЛАНДЫ  
26.10.2017СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/19073/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Баязова Гулсим Жумабаевна****Сабақтың мақсаты:**

1. Оқушылардың сан есім туралы алған білімдеріне сәтсіздікпен, сан есімдерге сұрақ қою, олардың қай сөзбен байланысып тұрғанын табуға үйрету.
2. Ауызекі және жазба тілін дамыту, сөздік қорларын, ойлауын, таным қабілеттерін арттыру.
3. Адамгершілік қасиеттерге, ұқыптылыққа топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: тірек-сызба, сюжетті суреттер, кеспе қағаз, интерактивті тақта, слайд

**Әдіс—тәсілдер:** сұрақ-жауап, жаңа технологияның элементтері, топпен жұмыс, талдау.**Түрі:** дәстүрлі**Сабақтың барысы:****I. Ұйымдастыру кезеңі****1. Психологиялық дайындық.**

Арайлаптаңатты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды қаламыз,

Жайнай түссін даламыз.

Қайырлы күн қонақтар!

Қайырлы күн достар!

Балалар бүгін қандай мереке?

-Дұрыс айтасыздар, **бүгін 12- сәуір — ғарышкерлер күні.**

-Қандай ғарышкерлерді білесіздер?

-Дұрыс айтасыздар. Ендеше біз бүгін ғарышкерлердің аттарымен топқа бөлінеміз?Бүгінгі сабағымыз ғарыш тақырыбымен байланысты болады.

## 2. Топқа бөлу.

Ғарышкерлердің есімдерімен (Ю. Гагарин ,Т. Әубакиров, Т.Мұсабаев ,А.Әйімбетов)

## 3. Үй тапсырмасын тексеру:

Балалар біз қай сөз таптарымен танысып жзатырмыз? Сан есім.

-Сан есім дегеніміз не?

Бүгін де сан есім тақырыбын қайталаймыз.

### Топтық жұмыс

Осы ғарышқа немен ұшады?

Дұрыс айтасыздар зымыранмен . Бүгін біз осы зымыранды өзіміз құрастырамыз.Зымыранның әр бөліктерінде тапсырмалар жасырынған тапсырмаларды дұрыс орындасақ зымыран пайда болады.

Осы ғарышкерлердің қайсысы нешінші ұшты?

Әр топ өз ғарышкерлерінің нешінші ұшқанын қағазға жазады

Бұл сандар ғарышкерлердің ұшуының несін білдіріп тұр. Ретін .Ендеше бұл реттік сан есім . Сұрағы нешінші.

Биыл 2016 жыл осы ғарышкерлердің ұшқанына биыл неше жыл толды екен. Осыны есептеп білейік .Ол үшін биылғы жылдан әр топ өз ғарышкерлерінің ұшқан жылын алып тастайды.

1-топ:Ю. Гагариннің ғарышқа ұшқанына биыл 55 жыл толды

2-топ: Т. Әубакировтың ғарышқа ұшқанына биыл 25 жыл толды.

3-топ: Т. Мұсабаевтың ғарышқа ұшқанына биыл 22 жыл толды

4-топ : А.Әйімбетовтың ғарышқа ұшқанына биыл 1 жыл болады.

Бұл Есептік сан есім. Неше? Қанша? Сұрағы жауап береді.

### Жаңа сабақ

Сан есімді қайталау

Дәптермен жұмыс

Көркем жазу минуты.

Оқулықпен жұмыс

1-жаттығу

Біздер санай білеміз,

Білмегенге күлеміз.

Біреу , екеу , үш, төрт деп,

Бес , алты ..... деп жүреміз.

Нешеу? сұрағына жауап беретіндей өзгерт.

Үш- .....

Төрт — .....

Бес — .....

Алты — .....

Әр топтан бір оқушы тақтаға шығып жазады.

Заттардың санын жинақтап тұр. Бұл жинақтық сан есім. Сұрағы нешеу?

2-жаттығу. Әр топқа бір- бір сөйлемнен бөліп тастау.

1-топ: Біздің сыныптағы үздіктер саны жетеу болды. 2- топ: Қорадағы малдың бесеуі сыртқа шығып кетті. 3- топ: Өрмекшінің сегіз аяғы бар. 4-топ: Қазақ әліпбиінде қырық екі әріп бар.

### **Тақтамен жұмыс екі оқушы тақтаға жазады:**

Кібісе жылдың ақпан айы жиырма тоғыз күнге толады.Үстел үстіндегі кітап – алтау.

Биыл Кібісе жылы болды. Ақпан айы 29 мен аяқталды. Бұл төрт жылда бір қайталанып отырады.

### **Сергіту сәті:**

Балалар бүгін біз сабағымызды ғарышпен байланыстырып өткіземіз дегенбіз.

Ғарыш деген не? Ол қандай болады көргендерін бар ма?

Видеоролик көрсету.

Күн жүйесінде неше планета бар?

Слайдтан көрсету. Сегіз планета бар.Біз қай планетада тұрамыз?

Біздің планета күн жүйесінде нешінші орналасқан?

Үшінші . Бұл оның ретін білдіредіОсы ғарышкерлердің бәрі ғарышға қайдан ұшты?

Ғарыш айлағынан. Байқоңыр туралы айта кету.

3- жаттығу **Түртіп алу стратегиясы.**

### **Білемін Білгім келеді Білмеймін**

Нешеу? сұрағына жауап беретін сөздерді бір бөлек , неше? сұрағына жауап беретін сөздерді бір бөлек жаз.

Қорытынды: **Топтық тапсырмалар орындау**

**1-топ :** Неше? Сұрағына жауап беретін сөздерді теріп , жабыстыру

**2-топ:** Нешеу? Сұрағына жауап сөздерді теріп , жабыстыру

**3-топ:** Нешінші? Сұрағына жауап беретін сөздерді теріп жабыстыру

**4-топ:** он және он бірінші сөзін ВЕНН диаграммасына жазу,салыстыру

**Бағалау Кері байланыс** Балалар біз Осы сабақтан қандай қызықты мәлімет алдық Сабақ қалай өтті Мына стикерлерге жазамыз.Аспан әлеміне жұлдызша бейнесінде жабыстырамыз.Ой санамыз жұлдыздай жарқырап ,әрқашанда білуге талпынып жүрейік.

**Үйге тапсырма:** 4-жаттығу

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.